

# ҚҰЛАҒЫ БАР ҚҰЛАҚҚАП КВТ-100



# Сымсыз құлаққап DEXP KBT-100

## Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз.

Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Аспапты пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта қолданғанда, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

DEXP сымсыз гарнитурасы музыка тыңдау үшін кабель пайдалануды қажет етпейтін Bluetooth сымсыз байланыс технологиясын қолданады.

## Сақтық шаралары

- Құрылғыны су мен экстремалды температура әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз. Бұл гарнитуралада пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ.
- Есту қабілетіне зиян келтірмеу үшін гарнитураны қауіпсіз дыбыс деңгейінде пайдаланыңыз.
- Тек түпнұсқалы керек-жарақтарын пайдаланыңыз.
- Гарнитураны ұзақ уақыт пайдаланбағаннан кейін зарядтаңыз.

Құлаққап — бұл музыканы, сөздерді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.


## **Техникалық сипаттамалар**

- Үлгісі: KBT-100.
- Динамиктің диаметрі: 40,0 мм.
- Сезімталдығы:  $85 \pm 5$  дБ.
- Кедергісі:  $32 \Delta \pm 15\%$  .
- Жиілік ауқымы: 20 Гц — 20 кГц.
- Максималды дыбыс деңгейі:  $85 \pm 5$  дБ.
  
- Микрофонның диаметрі: 4,0\*1,5 мм.
- Микрофонның сезімталдығы:  $-42$  дБ  $\pm 15\%$ .
- Микрофонның кедергісі:  $\leq 2,2$  кОм  $\pm 15\%$ .
- Микрофонның жиілік ауқымы: 50 Гц — 16 кГц.
  
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Жиілік диапазоны: 2402-2480 МГц.
- Таратқыштың қуаты: 4 дБм.
- Желінің әсер ету радиусы: 10 метрге дейін.
- Зарядталу уақыты: 2 сағатқа дейін.
- Сөйлесу/ойнату режимінде жұмыс істеу уақыты:  
артқы жарықсыз 6 сағатқа дейін; артқы жарықпен 3 сағатқа дейін.
- Кабельдің ұзындығы: 1,2 м.
- Ағытпа: jack 3,5 мм.
- Қолдаулы профильдер: A2DP, AVCTP, AVDTP, AVRCP, HFP, SPP, SMP, ATT, GAP, GATT, RFCOMM, SDP, L2CAP.
- Аккумулятор: 3,7 В, 300 мА/сағ.
- Зарядтау кернеуі: ТТ 5 В.

## **Жиынтықтамасы**

- Сымсыз құлаққап DEXR KBT-100.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- USB зарядтау кабелі.
- Микрофоны және дыбыс деңгейін реттегіші бар 3,5 мм аудио кабель.

## Құрылғының сұлбасы



1. «M» батырмасы.
  - Режимді (Bluetooth, SD картасы) ауыстыру үшін басыңыз.
  - Құлаққаптың артқы жарығын қосу/ өшіру үшін ұстап тұрыңыз.
2. «▶/⏪» батырмасы.
  - Қоңырауға жауап беру: кіріс қоңырауы келіп түскен кезде батырманы басыңыз.
  - Қоңырауды аяқтау: қоңырау аяқталғаннан кейін батырманы басыңыз.
  - Қоңырауды қабылдамау: қоңырау келіп түскен кезде батырманы басып тұрыңыз.
  - Соңғы нөмірді теру: батырманы екі рет басыңыз.
  - Ойнату/кідірту: ойнатуды тоқтату/қалпына келтіру үшін ойнату режимінде басыңыз.
3. «▶▶/V+» батырмасы.
  - Дыбыс деңгейін көтеру үшін басыңыз.
  - Келесі трекке өту үшін ұстап тұрыңыз.
4. «◀◀/V-» батырмасы.
  - Дыбыс деңгейін азайту үшін басыңыз.
  - Алдыңғы трекке өту үшін ұстап тұрыңыз.
5. SD картасының слоты.
6. AUX-IN желілік кіргізімі.
7. Микрофон.
8. ON/OFF батырмасы.
9. Жарық индикаторы.
10. MicroUSB ағытпасы.



## Пайдалану нұсқаулығы

### Жұптастыру

1. Бірінші рет жұптасқанда гарнитураны қосыңыз, ол автоматты түрде Bluetooth режиміне өтеді, индикатор шамы кезекпен көк және жасыл болып жыпылықтайды.
2. Дыбыс көзі құрылғысында Bluetooth-ті қосыңыз. Құрылғылар тізімінен «KBT-100» тауып, байланыс орнатыңыз (құпиясөз қажет емес). Сәтті қосылғаннан кейін, дыбыстық сигнал естіледі және индикатор шамы көк болып жанады.
3. Құрылғыларды ажырату үшін, дыбыс көзі құрылғысында Bluetooth функциясын өшіріңіз, құрылғы дыбыстық сигнал шығарады, индикатор шамы кезекпен көк және жасыл болып жыпылықтайды. Содан кейін екінші құрылғыдағы Bluetooth функциясын қосып, тізімнен «KBT-100» тауып, байланыс орнатыңыз. Сәтті қосылғаннан кейін, дыбыстық сигнал естіледі және индикатор шамы көк болып жанады.
4. Келесіде қосқанда гарнитура автоматты түрде соңғы жұптастырылған құрылғыға қосылады.

### Ескертпелер:

- Bluetooth арқылы қосу 5 минут ішінде сәтсіз болған жағдайда, құрылғы автоматты түрде өшеді.
- Жұмыста іркіліс туындауының алдын алу үшін Bluetooth бойынша қосылу кезінде қандай да бір операцияларды жасамаңыз.

### Жад картасынан ойнату

1. SD картасын тиісті слотқа салыңыз, құрылғы SD режиміне өтіп, ойната бастайды.
2. Егер құлаққапта SD картасы орнатылған болса, онда SD режиміне ауысып, ойнатуды бастау үшін « **M** » батырмасын басыңыз.

### AUX арқылы ойнату

Жиынтықта берілген AUX кабелінің бір ұшын құрылғының AUX ағытпасына, ал екінші ұшын сыртқы сигнал шығару көзіне қосыңыз. Дыбыс деңгейін басқару үшін AUX кабелінде орналасқан реттегішті пайдаланыңыз.

**Ескертпе:** құлаққаптағы батырмалар AUX режимінде қолжетімді емес.

## Құлаққапты зарядтау

Батарея заряды аз болған кезде құрылғы дыбыстық сигнал шығарады. MicroUSB зарядтау кабелінің бір ұшын құрылғыңыздағы тиісті ағытпаға, ал екіншісін ДК-ге немесе зарядтағыш құрылғыға қосыңыз. Зарядтау кезінде индикатор шамы қызыл болып жанады, зарядтау аяқталған кезде — өшеді.

## Жарық индикациясы

Зарядтау	Зарядтау кезінде индикатор шамы қызыл болып жанады, зарядтау аяқталған кезде — өшеді
Іске қосу	Индикатор көк болып жанады
Өшіру	Индикатор жанбайды
Жұптастыру	Индикатор кезекпен көк және жасыл болып жыпылықтайды
Күту режимі	Индикатор көк болып жанады
Bluetooth режимі	Индикатор көк болып жыпылықтайды
SD режимі	Индикатор көк болып жыпылықтайды
AUX режимі	Индикатор жанбайды

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны құрғақ жерде сақтау және тасымалдау керек.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек.

Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.



- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, авторланған қызмет көрсету орталығына жүгінген жөн.

## Кепілдемелік міндеттемелер

Өндіруші осы өнімге 12 ай кепілдік мерзімін белгілейді және кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтауда ақау болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тұтынушының кінәсынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды.

Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған өнімнің қызмет мерзімі пайдалану ережелерінің сақталуы шартымен 12 айды құрайды. Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда: <http://www.dns-shop.ru/technical-support/>

## Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юнлэ Индастриал Ко., Лтд.

Гоунань өнеркәсіп ауданы, Гужао, Чаньян ауданы, Шаньютоу қ., Гуандун провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301 С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301 С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, сипаттамалары және жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.